

# Қазак тілі

*Члгеріні тоғен оқушының  
жұмыс дәптері*  
*2-сынып*



1-сабак

## Дыбыс және әріп



### 1. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Қаңтар.....  
Қыс.....  
Сырғанақ.....  
Аққала.....  
Боран.....



Берілген сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

Ағаш, бөрене, тақтай, таяқ, шыбық. Ағаш сөзіне сөйлем құрап жаз.

-----  
-----  
-----

### 3. Сөйлемдерді буынға бөліп оқы.

Қаңтар

Қаңтар айы болды. Күн сұытты. Қалың қар жауды. Боран соқты.



**2-сабак**

**Әріп элементтерін жазу. Сурет бойынша жұмыс**



**1.Aa,Bb,Dd,Vv әріптерін көркем етіп жаз.**

.....

.....

.....

.....

.....

.....

**2. Мақалдардың мағынасын түсініп , көшіріп жаз**

1. Атадан мал қалғанша, тал қалсын
2. Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен

.....

.....

.....

.....

.....

**3. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.**



**3-сабак**

**Буындан оку. Буын диктанты**



**1. Сөздерді оқып, буынға бөліп жаз:**

Балапан, бақша, самал, балықшы, жантак.

.....  
.....  
.....  
.....

**2. Жолбарыс, инелік сөздеріне дыбыстық талдау жаса.**

..... Жолбарыс ..... инелік .....



**3. Б дыбысынан басталатын кісі аттарын жаз .**

.....  
.....  
.....

## **4-сабак**

**Буынга бөліп оқу. Сөздерді буынга бөліп жазу**



**1. Сөздерді оқып, буынга бөліп жазыңдар.**

Сұт, айран, қаймақ, кілегей, май, құрт, ірімшік.

---

---


---



**2. Сөйлемдерді буындан оқы.**

Фарида микрофонды алғып, тамылжыта ән салды.

Сауыншылар фермаға қарай бет алды. Алматыда Мұстафа Өзтүрік атында көше бар.



**3. Мына сөздерді буынга бөліп көширіп жаз.**

Әтеш, әлем, әнші, әскер, сәүкеле, әжей, дәрігер, әліппе, әріп

---

---

---

## 5-сабак

### Сөз.Сөйлем



1. Мына сөздерге дыбыстық талдау жасаңдар.

Боран, аққала, қар

.....  
.....  
.....  
.....

2. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз .

Гүл, ектік, аулаға, біз .  
Әлихан, жасады, үйшік, құстарға.  
Жылы, бара, құстар, жаққа, ұшып, жатыр.

.....  
.....  
.....



3. Мәтінді оқы . Әр сөйлемде неше сөз бар ?

Сөздердің санын жақшаның ішіне көрсет .

Әлия еңбек сабағында кесте тікті. ( ) Кестесі өте әдемі болды . ( )

Мұғалім Ғалияның жұмысын мақтады.( ) Ол кестені анасына сыйлады.( )

## 6-сабак



### Буындаң оқы. Көшіріп жазу

1. Суреттегі заттардың атын буынга бөліп жаз.

Дауысты дыбыстыардың астын сыз.



2. Өлеңді мәнерлеп оқып, көркем жаз.

Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр,  
Жау егіннің көгі өссін.  
Сұлудай бұраң құрақты,  
Айдын шалқар көл өссін!



3. Қаңбақ, елік, қоңыз, өрмекші сөздерін буынга бөліп жаз.

## 7- сабак



### Буындан оқу. Сызба бойынша әңгіме құру

1. Эр сөзде неше буын бар? Буын санын жақшаның ішіне жаз.

қармақ (....)

оыйншық (....)

момақан (....)

кебеже (....)

шақ (....)

көбелек (....)

2. Сызба бойынша сөйлем құрастыр.



3. Суреттегі заттардың атауларын қатыстырып, уш сөйлем жаз.



.....

.....

.....

## 8-сабак

### Алфавит. Жатқа жазу,айту



#### 1. Берілген сөздерді алфавит ретімен жаз.

Кітап,сызғыш,қаламсап,мектеп,тақта,бор,дәптер.


.....  
.....  
.....



#### 2. Көп нұктенің орнына тиісті әріпті қойып,жаз.

##### Волейбол

До..ты жерге түсі..мей  
Қ..ғып ал да, дос..а бер.  
Ол өз..не қайыр..п :  
«Қар..ы жаққа та..та», - дер.



#### 3. Апта күндерін ретімен орналастырып жаз.

Сәрсенбі,жұма,бейсенбі,дүйсенбі,жексенбі,сейсенбі,сенбі.

.....  
.....  
.....

**9-сабак**  
**Дауысты дыбыстар**



**1. Дауысты дыбыстарды жаз.**

.....  
.....  
.....


**2. Мына сөздердегі дауысты дыбыстардың астын сыйз.**

Жапырақ, аспан, кітап, орындық, оқулық, дәрігер, тақтай,  
орман, тау, әйнек, қозы, балапан.



**3. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар**

.....  
.....  
.....  
.....





## 10-сабак Дауыссыз дыбыстар

### 1. Дауыссыз дыбыстарды жаз

---

---

---

### 2. Мына сөздердегі дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Окушы, журнал, көгершін, кептер, үйшік, тогай, табиғат, гүлдер, ағаштар, кептер, борсық.



### 3. Сөздердегі көп нұктенің орнына тиісті әріпті қой

Пи.....з, қо....н, та....қ, қо....., бо....у, Ғали....., тақи....., зи...н.

### 4. Жұмбақтардың шешуін тауып, сөздерін буындарга бөліп жаз.

- |                              |                                |
|------------------------------|--------------------------------|
| 1. Сиыр бізге не береді?     | 4. Ешкінің төлі қалай аталады? |
| 2. Ұйықтағанда не жамыламыз? | 5. Далада не болады?           |
| 3. Нанға жығып не жейміз?    | 6. Балықты немен аулайды?      |

---

---

---



11-сабак

Жуан айтылатын сөздер

1. Көп нүктенің орнына керекті дыбыс әрпін қойып, сөздерді көшіріп жаз.

Қ...ян, с..б..з, қ..рб..з, т..лк..., қ..сқ..р, м..йм..л, ж..лб..р..с, ..р..ст..н, қ..з..н...к,  
қ..р..ққ..б..т, к...рт..п.

---

---

---




2. Жуан айтылатын сөздердің астын сыйз.

3. Суретпен жұмысты орында. Сөздерді буынга бол. Соңдем құрастырып жаз.

---

---

---





12-сабак

Жіңішке айтылатын сөздер

**1. Көп нүктенің орнына керекті дауысты дыбыс әрпін қойып , сөздерді көширіп жаз.**

С..б..з, т..лк..., к..лт, к..з...лд..р..к, к..йл..к, к..мпит, к...же.

---

---

---

---



**2. Макалды көширіп жаз.**

Әдептілік, ар- ұят-  
Адамдықтың белгісі.

---

---

---

**3. Мына сөздерге у дыбысы қосылғанда қалай өзгергенін байқа және оларды солай жаз.**

Азай+y = азаю

молай+y =

күшей+y=

Той+y =

тыңай+y =

көркей+y=

---

---

---



**1. Көп нүктенің орнына н, ң әріпптерінің тиістісін қойып мақалды көшіріп жаз.**

Е...бекті... на...ы тэтті,  
Жалқауды... жа...ы тэтті.

---

---

---

**2. Қай сөз артық? Неге олай деп ойлайсың? Сол сөзден бос жолға топ құрап жаз.**

Коян, қасқыр, түлкі, тауық, аю  
Бидай, арпа, жүзім, сұлы.  
Күнделік, көз, дәптер, қалам.



**3. Өлеңді дауыстап оқы.**

. Атам менің жақсы адам,  
Аптықпаған, саспаған.  
Атам барда әрине,  
Тарықпаймыз ақшадан.

Тапсырма. Өлеңнен дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сыз.

## **14-сабак**

### **Қатаң дауыссыз дыбыстар**

**1. Қатаң дауыссыз дыбыстарды көшіріп жаз. Оларды есіңе сақта.**

Қатаң дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ң, ч, ш, щ.

---

---

---

**2. Берілген сөздердің қатесін түзеп жаз. Сөйлемдер құрастырып жаз.**

Чирк, телепон, һат, шетка, хабрика, қітап, щай, фабар.


---

---

---



**3. Сүретпен жұмыстар орында. Аттаратын жаз және дыбыстық талдау жаса.**



---

---

---



*1. Ұяң дауыссыз дыбыстарды көшіріп жаз. Оларды есінде сақта.*

Ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з.

---

---

---

*2. Мақалды көшіріп жаз. Мәнін түсіндір. Аяғым сөзіне дыбыстық талдау жаса.*

Жаман аттан аяғым артық,  
Жаман жолдастан таяғым артық.

---

---

---

*3. Суретпен жұмыстарды орында. Бұл қай ертегі деп ойлайсың?*

Кейіпкерлерін ата. Мазмұнын айтып көр.



*4. Көркем жазып үйрен.*

*ң*

*ң*

*ң*

## **16-сабак**

### **Үнді дауыссыз дыбыстар**

**1. Үнді дауыссыз дыбыстарды көшіріп жаз. Үнді дауыссыз дыбыстарды қатыстырып сөздер қатарын жаз.**

Үнді дауыссыз дыбыстар: л, м, н,ң, р, й, (у).

---

---

---

**2. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қарамен жазылған сөздерден дауыссыз дыбыстарды тап. Астын сыйз.**

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін.



**3. Суреттегі жеміс-жидектердің атын жаз.**



**17-сабак**  
**Бұын**

**1. Сөздерді буынга бөліп жаз.**

Жапырақ, әдемі, дала, ойыншық, кітап, көзілдірік, қарындаш, доп, көз, жасыл, сары, қол.

---

---

---

---

---

**2. Жұмбақты оқып , шешуін тап .**

Үй ішінде –бөлме ,  
Бөлме-іші –көлде .  
Түрлі ұсақ балық  
Жүзді сайран салып .  
Жұмбақтың шешуін қатыстырып сөйлем құра .

---

---

---

---

---



**3. Мына сөздерді буынга бөліп, дыбыстық талдау жаса .**

Велосипед , трамвай , вагон .

---

---

---

---

---





1. Сөзжұмбақты шеши. Алғашқы буындарды бір-бірімен қос. Қандай сөз шықты? Ол туралы не білесің?

					1		
					2		
3							

1. Шашты ретке келтіретін бұйым.

2. Сабақ өтетін бөлме.

3. Малға қарайтын адам.

2. Сурет бойынша тасымал түрлерін көрсетіп жаз. Сөйлемдер құрастырып жаз.



3. Жұмбақты шеши.

Өзі айлакер, өзі қу,

Жүрген жері у да шу. Ол қандай аң? Сөйлем құрастырып жаз.

**19-сабақ**

**Заттың атын білдіретін сөздер**

**1. Жұмбақтың шешуіне -ге, -ға, -нің, -ның жалғауларын жалғап көр, қайсысы сәйкес келеді?**

Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды.

---

---


---

**2. Сөйлемдердің тынысы белгілерін қойып .Мәтінге ат қой .**

Балалар мектепке келе жатты бір әжей құдықтан су алып жатыр еді Дәulet әжейге құдықтан су алып берді әжей қуанып қалды қария балаларға алғыс айтты .



**3. Сурет бойынша жұмыстар орында. Өзіңе ұнаған суреттен сөйлем құрастырып жаз.**



**20-сабак**

**Бас әріппен жазылатын сөздер**



**1. Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз .**

болды ,күз .

---

Раушан ,ыдысқа ,салды ,жемістерді

---

**2. Сөздерге жалғау жалғап жаз . Өзгерген әріпті қоршап сый .**

Еңбек-еңбегі ..... ....өрнек -.....

Шуақ-..... ....қолғап-.....

Ақ-..... ....кітап-.....

**3. Бас әріптен басталатын жеті адамның атын жаз.**

---

---

---

**4. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып , мәтінді көшіріп жаз .**

Жылы сүтті мәйек салып үй...тады . Содан соң суалғанша қайнатады . Қайнауы жеткен ір...мшік қызыл сары түске айналады . Енді оны дорбаға салып , желгे кептіреді Кепкен ірімшік б...зылмайды . Көп сақталады .



## 21-сабак

### Заттың қимылының білдіретін сөздер



1. Кім не істеді ? Сурет бойынша сөйлемдер құрастыр .

Айгүл сурет салды . Анасы киім үтіктеді . Ағам газет оқыды .



2. Өлеңді оқы , қарамен жазылған сөздердің астын сыз , оларға сұрақ қой .

Тырс –тырс !  
Жаңбыр кеп жауды ,  
Тамшылар тамады .

Тырс-тырс !  
Жапырақ жылайды ,  
Жардан су құлайды .



3. Берілген сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздерді тауып жаз .

Оқушы .....

Су .....



1. Олеңді көшіріп жаз. Заттың түсін білдіретін сөздерді тауып, астын ирек сызықпен сыз.

Қызыл, жасыл, қара, сары  
Ақ, көгілдір әүе шары.  
Бірінші Мамыр- той күнінде,  
Қаламызға жарасады.

2. Суретпен жұмыстарды орында. Қандай түстерді көрдің? Аю, балапан, гүл туралы не айтасың? Өз ойындан сөйлемдер құрастырып жаз.



3. Мына сөздерге у әрпін қосып жаз.

Жылы, торы, бекі, телі, жоры.

23-сабак

## *Заттың санын білдіретін сөздер*



## *1. Ойланып көр, бұл қай сан?*

## Оңынан оқысан,

Ол-сан.

## Солынан оқысан.

## Ол-сан. Ол неше?

**2. «Біз қаншамыз?» ойынын ойна. Өлеңдегі цифрмен берілген сандарды әріттермен жаз.**

Нанбасаң кеп сұрағын,  
1ауылда турамыз.

3 Ардак, 2 Бауыржан,  
5 Медет, 3 Сабыржан,  
2 Айбарша, 4 Санат,  
3 Айгүл, 2 Мамыржан.

Тез есепте дәл санын,  
Сонда біздер қаншамыз?

*3.Әр сөз табына сәйкес келетін сөздерді жаз.*

Зате есім ..... .

Сын есім ..... .

Сан есім .....  
.....

## **Etiketler**

*4. Кім сұрағына жауап беретін сөздер – жаз.*





**1. Суретте қандай ертегі бейнеленген? Өзіңе ұнайтын ертегінің мазмұнын досыңа мәнерлеп айтып көр. Кейіпкерлерінің аттарын жаз.**



**1. Дұрыс жазылған сөзді тап.**

- а) қайшы
- ә) қойан
- б) айу

**2. Дұрыс тасымалданбаған сөзді тап.**

- а) бар-майды
- ә) барм-айды
- б) бармай-ды

**3. Зат есім заттың несін білдіреді?**

- а) іс-қимылын
- ә) санын
- б) атын

**4. Заттың санын білдіретін сөздер.**

- а) сын есім
- ә) сан есім
- б) сын есім

**5. Заттың қимылын білдіретін сөздерді тап.**

- а) қарады
- ә) жасыл
- б) сегіз

**6. Сын есімді тап.**

- а) келді
- ә) ұзын
- б) алтау